

Ақтөбе облысының білім басқармасы
«Алға аудандық білім бөлімі» ММ
«Тамды орта мектебі» ММ-сі



«Логикалық математика»
таңдаулы курс бағдарламасы

2 сынып

2022-2023 оқу жылы



Келісемін
Мектептің оқу ісі
жөніндегі оралбасары:
Утегенова К.М. *[Signature]*

ӘБ отырысында
қаралды:
ӘБ жетекшісі:
Байманова С.М. *[Signature]*

Хаттама №1 _____

Құрастырған: Ешпанова.Р «Тамды орта мектебі»
ММ-сінің бастауыш сынып мұғалімі,
Педагог- сарапшы.

Қолданушы: Набрешова.С.Н «Тамды орта мектебі»
бастауыш мұғалімі

«Логикалық математика» курсының бағдарламасын жүргізудегі мақсатым -бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытуға жағдай жасап отырып, баланы ізденімпаздыққа және өзіне сенімді болуға, ақыл ой деңгейін қалыптастыруға үйрету.

ТҮСІНІК ХАТ

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін (назар аудару, есте сақтау, қабылдау, байқағыштық, елестеу, ойлау т.б) дамыту оқу процесінде маңызды орын алады. Берілген логика курсының бағдарламасы бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытуға жағдай жасап отырып, баланы іздемаздыққа және өзіне сенімді болуға, ақыл ой деңгейін қалыптастыруға бағытталған материалдармен қамтылған. Бастауыш сыныптарда ұсынылып отырған «Логика курсының бағдарламасы» баланың интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктерін қалыптатыру мақсатында алты және он жас аралығында жүргізіледі. Логика курсының басқа пәндерден айырмашылығы сыныптан тыс факультативтік сабақ ретінде аптасына 1 сағат бірінші сыныпта сабақтың ұзақтығы 35 минут, 2-4 сыныптарда 40-45 минутқа есептелген. Логика курсының бағдарламасы «Логика әлемі» (Ерешева К және Алматы «Өлке» 2010) оқу құралының негізінде жасалған. Бастауыш ынып оқушыларының логикалық танымдылық қабілеттері мен білім-білік дағдылары қалыптасады. Әр сабақ сайын тапсырмалар қиындайды, көлемі көбейініп, тапсырманы орындау жылдамдығы артады. Сөйтіп олар өздерінің дамуында көптеген жетістіктерге қол жеткізеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылықтары мен белсенділіктері арттады.

Әр сабақтан соң өз беттерінше орындаған жұмыстары бағаланады. Баламен жұмыс жасау кезінде, оның сенімін арттырып, тұрақтылық пен мақсатына жете білуіне үйрету қажет. Мұнда маңызды роль қолдау сөздер

Мақсаты:

Оқушылардың танымдық қызушылығы мен ақыл-ой деңгейін қалыптастыру

Оқушыларды оқу курсының мазмұны арқылы пайымдау, шығармашылық тұрғысынан ойлау, өз беттерінше шешім қабылдап, қорытынды жасауға бейімдеу

Оқушылардың игерген білімдерін күнделікті өмірде пайдалана отырып жеке тұлға ретінде қалыптастыру

Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білу үйрету және тәрбиелеу

Міндеттері:

Өз бетінше іздену әрекеттерін қалыптастыру

- оқушының интеллектуалдық және ерік пен сезім белсенділігін дамыту

Негізгі ойлау операцияларын саналы түрде қолдана білуге үйрету

Көру, есту, байқау, іздеу, қиялдау, елестету, есте сақтау арқылы логикалық ойын дамыту

Өз пікірін айту, талдау және оны дәлелдеу арқылы тілін дамытып, дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру

Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету және тәрбиелеу

Оқушылардың білім деңгейін бақылау

Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Бұл оқушылардың түрлі мазмұнды есептерді шығаруда, есептің шартын құра білуге қалыптастырылады. Бір есептің бірнеше шешімдерін табуға жетелейді. Әрбір сабақ қызықты есептер мен аяқталып, логикалық есептер оқушылардың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсуі қажет. Логикалық тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады:

- Қызығушылығын арттыру;
- Ойлау және қабылдау қабілетін дамыту;
- Шығармашылық ізденісін дамыту.

Осы кезеңдегі берілетін тапсырмалар түрлері:

1. Көру қабілетін дамытатын тапсырмалар (ребус, сөзжұмбақ, анаграмма, сиқырлы шаршылар, геометриялық фигуралар);
2. Есту қабілетін дамытатын тапсырмалар (математикалық мақал-мәтел, логикалық есептер, қалжың есептер).

2 сыныпқа арналған «Логикалық математика» бағдарламасы
(аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағат)

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін күні
1	Кел, ойнайық!	1	
2	Құпиясандар	1	
3	«Кім жылдам?», «Тез ойла» математикалық ойындар	1	
4	Тендіктер мен теңсіздіктер	1	
5	Уақыт өлшемдері	1	
6	Көңілді есептер	1	
7	Логикалық есептер	2	
8	Тест	1	
9	Жасырылған сөздер(кроссворд)	1	
10	Геометрия еліне саяхат	1	
11	Қызықты жаттығулар	2	
12	Сиқырлы шаршы	1	
13	Халық өлшемдері	1	
14	«Кім қырағы?» математикалық ойындар	2	
15	Сиқырлы үшбұрыштар	1	
16	Қорытынды тест	1	
17	Рим цифрларымен танысайық	2	
18	Шеңбер мен дөңгелек	1	
19	Есептеудің оңай жолы	1	
20	Геометриялық фигураларды қолдану	1	
21	Ертегілер елінде	1	
22	Сурет бойынша есептер құрастыр	1	
23	Сандар қатарын құрастыру	2	
24	Қызықты есептер	2	
25	Математикалық диктант	1	
26	Қорытынды тест	1	
27	«Жас математиктер» турнирі	1	
28	Математикалық жұмбақ, өлең есептер	2	
29	Сиқырлы сандық	1	

Пәнді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар

Білімі мен білгі бойынша:

10-нан 100-ге дейінгі сандарды оқып және жаза білуі керек. Көбейту кестесін білуі керек.

Оқушы білуі керек:

- кері есептер құрастыруды;
- жүздіктерді қосу мен азайтуды;
- екі таңбалы сандарды қосу, азайтуды;
- өрнектерді пайдаланып есеп құрастыру;
- геометриялық фигураларды ажыратуды, тік төртбұрыш, төртбұрыш, шаршы;
- шамалар мен ұзындық бірліктерін.

Тәжірибелік бөлім

Оқушыларға қосымша берілетін тапсырмалар

Жеке тақырыптар бойынша берілетін тапсырмалар

- сөзжұмбақ;
- ребус;
- логикалық есептер;
- логикалық ойындар
- айырмашылықты табу
- математикалық әзіл, жұмбақтарды шешу.

Күтілетін нәтиже

Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетімен жұмыстануға, дәлелдеуге, салыстыра отырып пікір айтуға, есте сақтауға, өз-өзіне сеніммен қарауға, жана шешімдерді іздей білетін тұлға қалыптастыру.

Сауатты оқуға, түсінуге, ажыратуға, салыстыруға алған білімін күнделікті өмірде қолдануға дағдыланады

ШКІР

«Логикалық математика» таңдау курсының бағдарламасы бастауыш сынып білім алушыларының жас ерекшеліктеріне арнап құрастырылған. Бағдарламада білім алушылардың қазақ тілі, математика, әдебиет пәндері сауаттылығын жетілдіру мақсатында пән тақырыптары қамтылған. Білім алушыларды қазақ тілі, математика, әдебиет пәнінен білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда бастауыш буынның алатын орны ерекше. Ал бастауыш сыныптарда сауаттылықтың алғашқы шарттары әріптерді үйретуден басталады. Бастауыш сыныптарда жазуға үйрету баланың жасына, дайындығы мен дағдысына, жаттығудың мазмұны мен мақсатына сәйкес түрлі әдістермен жүргізіледі. Осы атаулы бағдарламаларда алынған тақырыптар мен тапсырмалар оқушылардың қазақ тілі бойынша меңгеретін білімдерін қалыптастыруда көмегін тигізеді деген пікірдеміз

Қолданылатын әдебиеттер:

1. К.Ерешова, Ш. Ыдырысова, Г. Абенова "Логика әлемі" Алматы Өлке 2010 жыл. 2 -3-4 сынып
2. Б.М. Қосанов. Математика курсындағы шығармашылық жаттығулар және оларды орындаудың әдістемесі. 2-сынып
3. Ғаламтор желісінен.
4. С.Ш. Сапарғалиева, С.С. Давлеткалиева, Қ.К. Рахимова. Дарынды балаларға арналған "Зерде" көмекші әдістеме құралы. Орал 2013 жыл.
5. Р. Омаров, Логикалық сұрақтар, есептер ойындар мен құрастырмалар Алматы «Өлке» 2012 жыл
6. Л.Г.лазырина. Математика пәні бойынша бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау және есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар жинтығы(2,3,4сынып)
7. Н.Н. Амирова «Логика» 2012ж
8. Р.Омаров, Математикадан (қалыптан тыс тапсырмалар тыс есептер мен жаттығулар жинағы) Алматы Рауан 2013ж
9. Н.Ә.Жаманғараева. Т.Ж.Көлбаева Математикадан 105 сабақ,
10. Әдістемелік жинақтар, Алматы баспасы 2011ж